

MUFASA



Қалалық джунгли кейіпкері.

Әр күнің жаңа сынаққа ұқсайтын қалалық джунглиде мінсіз серікті табу нағыз аңшылыққа айналады. Hyundai MUFASA - жолдағы батылдық пен стильдің көрінісі. Бір қарағаннан-ақ Hyundai MUFASA өзінің қайталанбас келбетімен арбайды. Hyundai MUFASA — бұл жай ғана көлік емес, бұл әр күнде ізін қалдырғысы келетіндердің өмір салты.



Экстерьер



Радитордың айбынды торы - арыстанның жалы сияқты орталық бөлік. Оның өткір контурлары бар ерекше құрылымы күш пен динамикалықты білдіреді.



Жыртқыштың көзіне ұқсайтын тік форматтағы мәнерлі фаралары - әрқашан қырағы және әрекетке дайын.



Hyundai MUFASA-ның бүйірлік бөлігі өзіндік сызықтары бар заманауи спорттық көрініске ие. Кеңейтілген дөңгелек аркалары мен қара пластикалық төсемдер күшті және сенімді көрініс береді.



Жарқын элементтер мен бедерлі сызықтар қуат әсерін күшейтеді. Күміс екпіндері бар қара түсті әрленуі премиумдылық сипат қосады. Шағын артқы асылмалар пропорцияларды жақсартады және силуэтке динамикалық береді.



Бампердің артқы жағының қайталанбас стилі бар, дизайнның негізгі екісі - сопақша композицияны құрайтын және LED-шамдарды біріктіретін жарық жолағы. Бұл шамдар ортасында Hyundai логотипі бар жылтыр қара панельде орналасқан, бұл көлікке заманауи және жоғары технологиялық көрініс береді.



Бампердің төменгі жағы MUFASA-ның жол талғамайтын мінезін көрсететін үлкен көлемді бастырығы мен сәндік диффузорының арқасында агрессивті көрінеді. Қорғаныс элементтері мен қанық текстурасы артқы жағын стильді ғана емес, сонымен қатар функционалды етеді.

Интерьер

Hyundai MUFASA интерьері жүргізушілер мен жолаушыларға функционалды және технологиялық шешімдерді ұсына отырып, заманауилық пен жайлылықтың тамаша үйлесімін қамтиды.

Көрнекті ерекшеліктердің бірі - екі 12,3 дюймдік экрандардан тұратын біріктірілген цифрлық панель. Олардың біреуі аспаптар тақтасы, екіншісі ақпараттық ойын-сауық дисплейі ретінде қызмет етеді. Бұл жүйе Apple CarPlay және Android Auto сымсыз қосылуын қолдайды, сондай-ақ интерфейсін қазақ тілінде көрсетуге мүмкіндік береді.

Hyundai MUFASA-мен заманауи технологиялар мен жайлылық әлеміне үңіліз.





Жүргізу режимдерін таңдау мүмкіндігі бар виртуалды аспаптар тақтасы.



MUFASA моделінің ерекшеліктерінің бірі - көп аймақтылық, яғни жүргізуші аймағы (орындық және есік картасы) түспен ерекшеленген.



Алдыңғы жолаушы орындығын бір қозғалыспен бүктеп, артқы жолаушының аяқ тірегі ретінде пайдалануға болады.

MUFASA — Сіздің жолдағы сенімді қорғаушыңыз.


Озық қауіпсіздік жүйелеріне ие MUFASA жолдың әр шақырымында қорғанысты қамтамасыз етеді. Интеллектуалды датчиктер, берік шанақ конструкциясы және заманауи жүргізушілерге көмек көрсету жүйелері әр сапарда жайлылық пен қауіпсіздіктің жоғары деңгейін қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, Hyundai MUFASA Navitel навигациясымен және «360 айнала шолу» функциясымен жабдықталған, бұл саяхат кезінде ыңғайлылық пен қауіпсіздікті арттырады.

MUFASA — бұл Сіз және Сіздің отбасыңыз үшін ертеңгі күнге деген сенімділік.




Hyundai SmartSense



«Соқыр аймақта» автокөлікпен соқтығысуды болдырмау жүйесі (BSA).

Қозғалыс жолағын ауыстыру кезінде соқыр аймақта және параллель тұрақ орнынан шығу үшін алға жылжу кезінде автокөліктермен соқтығысу қаупі анықталған кезде автоматты түрде тежеуге көмектеседі.




Алдыңғы соқтығысуларды болдырмау жүйесі (FCA).

Алда келе жатқан автокөлік кенет баяулай бастаса немесе автокөлікпен, жаяу жүргіншімен немесе велосипедшімен соқтығысу қаупі туындаса ескертеді. Егер ескертуден кейін соқтығысу қаупі өсе түссе, автоматты түрде тежеуге көмектеседі.

* Жүргізушіге көмек көрсетудің жоғары технологиялық жүйелері (ADAS) көлік жүргізу процесінде қолдау көрсету үшін жасалған, бұл ретте жүргізуші әрқашан рульде мұқият болуы керек.
* Кейбір функциялар жол және қоршаған орта жағдайларына байланысты қолжетімді болмауы мүмкін. Толығырақ ақпарат пайдалану жөніндегі нұсқаулықта берілген.
* Нақты сипаттамалар жиынтықталымға, күштік қондырғыға және таңдалған опцияларға байланысты өзгеше болуы мүмкін.


* Жүргізушіге көмек көрсетудің жоғары технологиялық жүйелері (ADAS) көлік жүргізу процесінде қолдау көрсету үшін жасалған, бұл ретте жүргізуші әрқашан рульде мұқият болуы керек.
* Кейбір функциялар жол және қоршаған орта жағдайларына байланысты қолжетімді болмауы мүмкін. Толығырақ ақпарат пайдалану жөніндегі нұсқаулықта берілген.
* Нақты сипаттамалар жиынтықталымға, күштік қондырғыға және таңдалған опцияларға байланысты өзгеше болуы мүмкін.



Қозғалыс жолағында ұстау жүйесі (LKA).


Бұрылыс сигналын қоспай, қозғалыс жолағынан шығуды анықтағаны туралы ескертеді.

Егер бұрылыс сигналын қоспай қозғалыс жолағынан шығу анықталса, автокөліктің қозғалыс жолағынан шығуын болдырмау үшін рульдік басқаруға автоматты түрде көмектеседі.



Қозғалыс жолағын қадағалау жүйесі (LFA).

LFA көлік жүргізу кезінде көлікті қозғалыс жолағында туралауға көмектеседі. Алдыңғы көрініс камерасы басқаруға көмектесу үшін қозғалыс жолағын анықтайды. Егер қозғалыс жолағы анықталмаса, функция алдыңғы көлікті анықтап, оны белгілі бір уақыт бойы басқаруға көмектеседі.



Артқы жүріспен қозғалғанда соқтығысуды болдырмау жүйесі (RCTA).

Төмен жылдамдықпен кері қозғалу кезінде сол/оң жақтағы автокөлікпен соқтығысу қаупі туралы ескертеді. Ескертуден кейін соқтығысу қаупі артса, тежеу кезінде автоматты түрде көмек көрсетеді.

* Жүргізушіге көмек көрсетудің жоғары технологиялық жүйелері (ADAS) көлік жүргізу процесінде қолдау көрсету үшін жасалған, бұл ретте жүргізуші әрқашан рульде мұқият болуы керек.

* Кейбір функциялар жол және қоршаған орта жағдайларына байланысты қолжетімді болмауы мүмкін. Толығырақ ақпарат пайдалану жөніндегі нұсқаулықта берілген.

* Нақты сипаттамалар жиынтықталымға, күштік қондырғыға және таңдалған опцияларға байланысты өзгеше болуы мүмкін.

* Жүргізушіге көмек көрсетудің жоғары технологиялық жүйелері (ADAS) көлік жүргізу процесінде қолдау көрсету үшін жасалған, бұл ретте жүргізуші әрқашан рульде мұқият болуы керек.

* Кейбір функциялар жол және қоршаған орта жағдайларына байланысты қолжетімді болмауы мүмкін. Толығырақ ақпарат пайдалану жөніндегі нұсқаулықта берілген.

* Нақты сипаттамалар жиынтықталымға, күштік қондырғыға және таңдалған опцияларға байланысты өзгеше болуы мүмкін.

Жабдықталуы



Планшетке арналған бекітпе.



Артқы жолаушылардың есіктеріндегі қобдишалар.



Алдыңғы жолаушының алдында, кішкене заттарға арналған сақтау орны.



12 дюймдік аспаптар тақтасы және сенсорлық экран.



Карточкаларды сақтауға арналған орын.



Қолшатыр ілгегі.



Сымсыз зарядтау құрылғысы.
USB порттары (Type A, Type C), 12 V.



Атмосфералық жарықтандыру.

Интерьердің түстері



Қара көк



Қара

Шанақ түсі



RG6 Мұзды көк інжулі
(Ice Blue Pearl)



M2G Сұр хаки
(Military Grey)



YP5 Қанық көгілдір
(Intense Blue Pearl)



WR7 Айдаһар қызыл
(Dragon Red Pearl)



NKA Қара
(Phantom Black Pearl)



RBC Ақ
(White)



Сипаттамалары

Сипаттамасы	MUFASA
	Smartstream G2.0 MPI
Қозғалқыш түрі	Үлестірілген отын бүріккішімен
Жетек түрі	Алдыңғы
Отын түрі	Бензин
Жұмыс көлемі (см³)	1 999
Макс. жылдамдық, км/сағ	187
Максималды қуат (а.к. / айн/мин)	160 / 6500
Максималды айналу сәті (Н·м / айн/мин)	193 / 4500
Аралас отын шығыны (л/100 км)	6,94
Отын бағы	54
Берілістер қорабы	6-сатылы АТ
Аспа	
Артқы	Тәуелсіз, серіппелі, МакФерсон типті, гидравликалық телескопиялық амортизаторлармен, көлденең орнықтылық тұрақтандырғышымен
Задняя	Көп иінтіректі, гидравликалық телескопиялық амортизаторлары, көлденең орнықтылық тұрақтандырғышымен.
Шиналар	225/60R17, 225/55R18
Габариттік өлшемдер	
Ұзындығы, ені, биіктігі, мм	4475x1850x1685
Жарақаталған салмағы, кг	1529-1542

- Көрсетілген мәндер алдын ала бағалау нәтижесінде алынған және өзгертілуі мүмкін.
- Осы каталогта ұсынылған жабдықтардың бір бөлігі стандартты жабдықтар тізіміне енбеуі мүмкін және, тиісінше, жекелеген ақыға опция ретінде жеткізіледі.
- Нұсқада техникалық сипаттамалар мен жиынтықталымды алдын ала ескертусіз өзгерту құқығын өзіне қалдырады.
- Каталогта көрсетілген түстер басып шығару кезінде көрсету мүмкіндігінің шектеулі болуына байланысты нақты түстерден сәл өзгеше болуы мүмкін.
- Қолжетімді түстер мен тыстау материалдары туралы толық ақпарат алу үшін өз дилеріңізге хабарласыңыз.



Жалпы ені 1 850
Жолтабан ені 1617/1624



Жалпы ұзындығы 4 475
Дөңгелек базасы 2 680

1 685



Жолтабан ені 1617/1624



Бір отбасы — көп артықшылықтар



5 ТҚК

АВТОКӨЛІКТІ ҰЗАҚ МЕРЗІМ ЖӘНЕ АҚАУСЫЗ
ПАЙДАЛАНУ КЕПІЛІ

Жаңа Hyundai сатып алып, 10 000 километр жүріп өткен жол немесе 12 ай аралығымен бес алғашқы мерзімді ТҚК тегін алу құқығына ие болыңыз.



Кепілдік

ДАЙЫНДАУШЫНЫҢ ЖАҢА HYUNDAI
АВТОМОБИЛІНЕ КЕПІЛДІГІ

Өндірушінің кепілдігі 5 жыл және 100 000 км (қайсысы ертерек болатынына байланысты), Hyundai ресми Дилері автомобильді бірінші сатып алушыға сатқан (берген) сәттен бастап Сервистік кітапшада көрсетілген шектеулерді ескере отырып, бұл туралы Сервистік кітапшада кепілдіктің басталу күні туралы тиісті белгі куәландырады.



Trade-in

«TRADE-IN» ТИІМДІ БАҒДАРЛАМАСЫ

Барлық Hyundai дилерлік орталықтарында «Trade-in» тиімді бағдарламасы әрекет етеді. Барлығы өте оңай: кез келген маркалы автомобильді жаңа Hyundai автомобиліне айырбастаңыздар. Толығырақ Қазақстан бойынша барлық Hyundai ресми дилерлік орталықтарында.



Call center

БАРЛЫҚ HYUNDAI ИЕЛЕРІ ҮШІН

7007 нөмірі бойынша клиенттерді қолдау қызметі 24/7 қолжетімді.

Дилердің мөрі

Hyundai Auto Kazakhstan

Қазақстандағы брендтің ресми дистрибьюторы
www.hyundai.com

Қазақстан бойынша бірыңғай тегін call-center
Ұялы телефондардан қоңырау шалу: 7007



Прайс-парақ